

Оңтүстік Қазақстан облысының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 24 сәуірдегі N 3474.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы"

1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының
Z934200_

9-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. Асықата, Жетісай, Мақтарал аудандары таратылсын, олардың аумағында әкімшілік орталығы Жетісай қаласында болатын Мақтарал ауданы құрылсын.
2. Сарыағач қаласы Сарыағаш қаласы болып аталсын.
3. Келес және Сарыағаш аудандары таратылсын, олардың аумағында әкімшілік орталығы Сарыағаш қаласында болатын Сарыағаш ауданы құрылсын.
4. Түркістан ауданы таратылсын.
5. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықты іске асыру жөнінде қажетті шаралар қолдансын.

Қазақстан Республикасының
Президенті